

aceline

Пайдаланушы нұсқаулығы



Aceline TWS гарнитурасы


LightPods Basic

«Aceline» сауда маркасымен жасап шығарылатын өнімдерді таңдағаныңыз үшін алғысымызды білдіреміз.

Біз жоғары сапаға, функционалдылыққа және дизайнға қойылатын талаптарға сәйкес әзірленген және жасап шығарылған бұйымдарды және құрылғыларды ұсынғанымызға қуаныштымыз. Пайдаланар алдында қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпаратты, сондай-ақ осы өнімді дұрыс пайдалану және оған күтім жасау бойынша ұсыныстарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықты күтіп ұстаңыз және өнімді болашақта қолданғанда, оны анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Aceline TWS гарнитурасы Bluetooth сымсыз байланыс технологиясымен жабдықталған және музыка тыңдауға арналған.

Құрылғының сұлбасы



1. Сенсорлық сала.
2. Зарядтау түйіспесі.
3. Сол жақтағы динамик.
4. Оң жақтағы динамик.

Bluetooth арқылы жұптасу

1. Зарядтағыш кейстің қақпағын ашыңыз.
2. Дыбыс көзі құрылғысында Bluetooth-ті іске қосыңыз.
3. Жұптасуға қол жетімді құрылғылар тізімінен «LightPods» таңдаңыз және экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
4. Құрылғылар тізімінен «LightPods» таба алмаған жағдайда, корпусың артқы жағындағы батырманы 5 секунд бойы басып тұрыңыз.
5. Байланыс тарихын тазарту және жаңа құрылғымен жұптасуды бастау үшін зарядтау кейсінің қақпағын ашыңыз, кейстің артқы жағындағы батырманы 5 секунд бойы басып тұрыңыз.

Ескертпелер:

- Екі құлаққапты смартфонмен сәтті жұптастырғаннан кейін, олардың біреуін зарядтағыш кейске салып, бір құлаққапты қолдана аласыз.
- Келесіде қосқанда гарнитура автоматты түрде соңғы жұптастырылған құрылғыға 5 секунд ішінде қосылады.
- Bluetooth арқылы қосу 3 минут ішінде сәтсіз болған жағдайда, құрылғы автоматты түрде өшеді.

Негізгі функциялары

1. Қосу: зарядтағыш кейстің қақпағын ашыңыз, құлаққаптар автоматты түрде бір-бірімен байланыс орнатады, содан кейін негізгі құлаққап жұптасу режиміне өтеді.

Ескертпе: сол жақтағы құлаққап үнсіз келісім бойынша негізгі болып табылады.

2. Өшіру: құлаққапты зарядтағыш кейске салып, қақпағын жабыңыз.
3. Кідірту/ойнату: кез келген құлаққапты 1 рет түртіңіз.
4. Келесі трек: оң жақ құлаққапты екі рет түртіңіз.
5. Алдыңғы трек: сол жақ құлаққапты екі рет түртіңіз.
6. Дыбыс деңгейін көтеру: оң жақ құлаққапты үш рет түртіңіз.
7. Дыбыс деңгейін азайту: сол жақ құлаққапты үш рет түртіңіз.
8. Siri/Google дауыстық көмекшісін қосу/өшіру: кез келген құлаққапты түртіп, 3 секунд бойы ұстап тұрыңыз.

Қоңырауларды басқару

1. Қоңырауды қабылдау: кез келген құлаққапты 1 рет түртіңіз.
2. Қоңырауды қабылдамау: кез келген құлаққапты екі рет түртіңіз.
3. Қоңырауды тоқтату\жалғастыру: кез келген құлаққапты 1 рет түртіңіз.
4. Қоңырауды аяқтау: кез келген құлаққапты екі рет түртіңіз.

Кейсті зарядтау

1. Алғаш қолданар алдында кейсті толығымен зарядтаңыз.
2. Жеткізу жиынтығында берілген кабельді пайдалана отырып, зарядтағыш кейсті қуат көзіне қосыңыз.
3. Зарядтау кезінде индикатор қызғылт сары түспен жанады, зарядтау аяқталғаннан кейін 10 секунд жасыл болып жанады, содан кейін сөнеді.
Толық зарядтау циклінің уақыты — шамамен 1,5 сағат.
4. Зарядтау процесі аяқталғаннан кейін құрылғыны розеткадан ажыратыңыз.

Гарнитураны зарядтау

1. Алғаш қолданар алдында гарнитураны толығымен зарядтаңыз.
 2. Гарнитураны зарядтағыш кейске салыңыз, гарнитураның зарядтау порттары кейстің контактілерімен тығыз байланысқанына көз жеткізіңіз.
- Ескертпе:** тек түпнұсқа зарядтағыш құралды пайдаланыңыз.
3. Гарнитура автоматты түрде зарядтала бастайды.
Толық зарядтау циклінің уақыты — шамамен 60 минут.

Зарядтағыш кейстің жарық индикаторы

Ахуалы	Көрсеткіш
Қақпағын ашу	Батарея толығымен зарядталған кезде индикатор бірнеше секунд бойы жасыл болып жанады
	Батарея заряды аз деңгейде болған кезде индикатор бірнеше секунд бойы қызғылт сары болып жанады (20%-ға дейін)
	Батарея заряды таусылған кезде (10%), индикатор қызғылт сары болып жыпылықтайды
Қақпақты жабу	Батарея толығымен зарядталған кезде индикатор бірнеше секунд бойы жасыл болып жанады
	Батарея заряды аз деңгейде болған кезде индикатор бірнеше секунд бойы қызғылт сары болып жанады (20%-ға дейін)
	Батарея заряды таусылған кезде (10%), индикатор сөнеді

Техникалық сипаттамалар

- Үлгісі: LightPods Basic.
- Қуат көзі параметрлері: 5 В.
- Жұмыс кернеуі: 3,7 В.
- Bluetooth нұсқасы: 5.0.
- Bluetooth сигналының радиусы: 10 м дейін.
- Bluetooth профильдері: HSP, HFP, A2DP, AVRCP.
- Жиілік ауқымы: 20 Гц — 20 кГц.
- Сезімталдығы: 108 ± 3 дБ.
- ОЖ үйлесімділігі: iOS, Android.
- Гарнитура батареясының сыйымдылығы: 25 мА/сағ.
- Зарядтағыш кейс батареясының сыйымдылығы: 300 мА/сағ.
- Ойнау режимінде жұмыс істеу уақыты: 3 сағатқа дейін.
- Гарнитураны кейстен зарядтау уақыты: 1 сағатқа дейін.
- Гарнитураны зарядтау циклдерінің саны: зарядтаудың 3 цикліне дейін.
- Зарядтағыш кейсті зарядтау уақыты: 1,5 сағатқа дейін.

Монтаждау, сақтау, тасымалдау (көлікпен), сату және кәдеге жарату ережелері және шарттары

- Құрылғы қандайда бір монтаждауды немесе тұрақты бекітуді талап етпейді.
- Құрылғы өндірушінің және тұтынушының жылытылып тұратын панажайларында өндірушінің қаптамасында 5 °C ... 40 °C аралығындағы температурада және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын жерлерде сақтау керек. Панажайларда тотығуды туындататын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілерді булары) болмауы тиіс.
- Құрылғыны құрғақ ортада тасымалдау керек.
- Құрылғы мұқият күтім жасауды қажет етеді, оны шаңның, ластың, соққылардың, ылғалдың, оттың және т.б. әсерінен сақтаңыз.
- Құрылғы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сатылуы тиіс.
- Бұйымның қызмет мерзімі аяқталғанда оны әдеттегі тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына, оны федералдық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін электрлік және электронды жабдықты тиісті қабылдау пунктіне кәдеге жаратуға жіберу керек. Осы өнімді дұрыс кәдеге жаратуды қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды сақтауға және тиісті түрде пайдаланбаған жағдайда туындауы



мүмкін қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына зиян келтірмеуге көмектесесіз. Бұл өнімді қабылдау және жою пункттері туралы қосымша ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қалдықтарды шығаратын кәсіпорыннан алуға болады

- Құрылғыда ақаулық анықталған жағдайда дереу авторизацияланған сервистік орталыққа жүгініп хабарласыңыз немесе құрылғыны кәдеге жаратыңыз.

Кепілдемелік міндеттемелер

Өндіруші кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдар мен жинақтарда ақаулардың болмайтынына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі өнімді сатып алған сәттен бастап саналады және ол тек жаңа өнімдерге қолданылады. Кепілді қызмет көрсету пайдаланушының нұсқаулығына сәйкес өнімді пайдалану шартымен кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсіз істен шыққан элементтерді тегін жөндеуді немесе ауыстыруды қамтиды. Элементтерді жөндеу және ауыстыру өкілетті сервистік орталықтардың аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 12 ай.

Сервистік орталықтардың жаңартылған тізімі мына мекенжайда:

<https://www.dns-shop.ru/technical-support/>

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Дунгуань Шайнкон Индастриал Ко., ЛТД.
Шибэй тас жолы №9, Танли Фэнган, Дунгуань қ., Қытай.
Қытайда жасалған.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:
ТОО «DNS KAZAKHSTAN», г. Нұр-Сұлтан, пр. Сарыарка, дом 12,
офис 301С, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS KAZAKHSTAN» ЖШС, Нұр-Сұлтан қ., Сарыарқа даңғ., 12-үй,
301С-кеңсе, Қазақстан.

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың 037/2016 ЕАЭО ТР
«Электр техникасы және радиоэлектроника бұйымдарында
қауіпті заттардың қолданылуын шектеу туралы» техникалық
регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Бұйымның сыртқы түр-сипаты және оның сипаттамалары
алдын ала хабарланбай өзгертілуі мүмкін. Құрылғының
жиынтықтамасы алдын ала хабарланбай өзгертілуі мүмкін.

Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс
тіліндегі нұсқасында көрсетілген.

V.1

